Әділет

## Ескелді ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Алматы облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 179 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 13 қыркүйекте № 4329 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Жетісу облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 22.11.2023 № 241 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 8, 12-баптарына сәйкес, Ескелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ескелді ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Жетісу облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 22.11.2023 № 241 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Есболатовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Б. Тәнекенов*

Ескелді ауданы әкімдігінің 2017 жылғы
"14" тамыздағы № 179 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Жетісу облысы Ескелді ауданы әкімдігінің 22.11.2023 № 241 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## Ескелді ауданындағы стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

| | | | | | Жақын орналасқан инфрақұрылым ( |
|---|---|---|---|---|---|

| № | Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары | Қызмет саласы | Алатын алаңы, шаршы метр | Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл) | ұқсас тауалар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қарабұлақ ауылы Алдабергенов көшесінде | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 80 | 5 жыл | Сауда базары ЖК "Нусупов" |
| 2 | Қарабұлақ ауылының бөлігі, Ескелді би көшесі, Автобекет аумағында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 200 | 5 жыл | жоқ |
| 3 | Қаратал ауылы, Алмабал Жетпісбайқызы көшесі № 63А | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | "Амина" дүкені |
| 4 | Ақын Сара ауылы, Біржан сал көшесі № 32 | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | жоқ |
| 5 | Жетісу ауылының мәдениет үйінің жанында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | жоқ |
| 6 | Алдабергенов ауылы Байсов және Шұбар көшелерінің арасында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | "Балдаурен" тойханасы |
| 7 | Бақтыбай ауылы Тауке хан № 56 Г үйінің жанында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | жоқ |
| 8 | Жалғызағаш ауылының г. Орманов көшесінің № 38 үйінің жанында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | жоқ |
| 9 | Көкжазық ауылының Қашаубаев және Жандосов көшелерінің қиылысындағы | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | | жоқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көкжазық мәдениет үйінің жанында | | | 5 жыл | |
| 10 | Сырымбет ауылының Ескелді би және Абай көшелерінің қиылысындағы Сырымбет ауылының мәдениет үйінің жанында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | жоқ |
| 11 | Қайнарлы ауылы Тельжанов пен Нұрманбетов көшелерінің қиылысында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | жоқ |
| 12 | Қоңыр ауылының Жамбыл және Абай көшелерінің қиылысында | Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары | 30 | 5 жыл | "Сәуле" дүкені |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК